

Сайрам аудандық мәслихатының 2024 жылғы 6 тамыздағы № 19-138/VIII "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемақысын белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Түркістан облысы Сайрам аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 20-147/VIII шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына және "Азаматтық қызмтшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысының 5 тармағы 3) тармақшасына сәйкес, Сайрам аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сайрам аудандық мәслихатының "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемақысын белгілеу туралы" 2024 жылғы 6 тамыздағы №19-138/VIII шешіміне мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Сайрам ауданының жергілікті атқарушы органы айқындаған тәртіппен және шарттарда ауданның жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемеақылар осы шешімнің 1, 2 қосымшаларына сәйкес белгіленсін."

Көрсетілген шешім 2 қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың төрағасы

Ш.Халмурадов

Сайрам аудандық мәслихатының
2024 жылғы 27 қыркүйектегі
№20-147/VIII шешіміне
2 қосымша

Сайрам аудандық мәслихатының
2024 жылғы 6 тамыздағы
№19-138/VIII шешіміне
2 қосымша

Ауданның жергілікті бюджетінен қаржыландырылатын аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөліміне қарасты "Көрікті Сайрам" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

**жұмыскерлерінің және жұмысшылардың (біліктілік разряды) лауазымдық айлықтарына
ынталандыру үстемақылары**

№ р/с	Буындар мен біліктілік разрядтар атауы	Лауазымдық жалақыға үстемақы мөлшері
1	A1-3	50%
2	A1-3-1	50%
3	A2-3	50%
4	A3-3	50%
5	B4-1	50%
6	C-2	50%
7	D (қосалқы персонал)	50%
8	1	50%
9	2	50%
10	3	50%
11	4	50%
12	5	50%